| Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |
|---|---|---|
| 2019 жылғы «14» қазан<br>№ 448 | | 2019 жылғы «16» қазан<br>№ 275 |

**Балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерін пайдалану мәселелеріндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тәртібін бекіту туралы**

# БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Балалар мен жастардың жасына, денсаулығына және қажеттіліктеріне сәйкес бос уақыты мен демалуға құқықтарын іске асыру үшін білім беру, мәдениет және спорт объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерін пайдалану мәселелеріндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тәртібі бекітілсін.
2. Осы бірлескен бұйрық жергілікті атқарушы органдардың, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының назарына жеткізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрлеріне Н. Дауешовке, Е. Рамазановқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

| Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрдің міндетін атқарушы | Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі |
|---|---|
| ____________ | ____________ |

| Министерство образования и науки Республики Казахстан | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| --- | --- |
| от «14» октября 2019 год | от «16» октября 2019 год |
| № 448 | № 275 |

# СОВМЕСТНЫЙ ПРИКАЗ

## Об утверждении Порядка взаимодействия Министерств образования и науки, культуры и спорта Республики Казахстан и местных исполнительных органов в вопросах использования спортивных и актовых залов в организациях среднего (начального, основного среднего, общего среднего), технического и профессионального, дополнительного образования, объектов культуры и спорта для организации досуга детей и молодежи

В целях обеспечения доступности объектов образования, культуры и спорта для реализации прав детей и молодежи на досуг и отдых, соответствующий их возрасту, здоровью и потребностям, **ПРИКАЗЫВАЕМ:**

1. Утвердить прилагаемый порядок взаимодействия Министерств образования и науки, культуры и спорта Республики Казахстан и местных исполнительных органов в вопросах использования спортивных и актовых залов в организациях среднего (начального, основного среднего, общего среднего), технического и профессионального, дополнительного образования, объектов культуры и спорта для организации досуга детей и молодежи, согласно приложению к настоящему совместному приказу.
2. Настоящий совместный приказ довести до сведения местных исполнительных органов, организаций образования, культуры и спорта.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на вице-министра образования и науки Республики Казахстан Ш.Т. Каринову, вице-министров культуры и спорта Республики Казахстан Н. Дауешова, Е. Рамазанова.
4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

| Исполняющий обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан | Министр культуры и спорта Республики Казахстан |
| --- | --- |
| ____________ | ____________ |

21.10.2019-ғы № 01-15-5-12/3871-И шығыс хаты
21.10.2019-ғы № Д-8289/01-15-5-12/3871-И кіріс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

____________________№____________

______________________________

**Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерін пайдалану мәселелеріндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрығын *(ҚР БҒМ 2019 жылғы 14 қазандағы № 448 және ҚР МСМ 2019 жылғы 16 қазандағы № 275 бірлескен бұйрығы)* қабылдағандығын хабарлайды.

Жоғарыда аталған бірлескен бұйрықпен бекітілген өзара іс-қимылы тәртібінің жалпы ережелеріне сәйкес білім беру, мәдениет және спорт объектілеріндегі балалар мен жастарға арналған спорттық және демалыс іс-шараларына, секцияларға, үйірмелерге топтық және жеке бару кестесін бекіту айқындалған.

Сонымен қатар, балалар мен жастарға арналған білім беру, мәдениет және спорт объектілеріндегі спорт және акт залдарына қолжетімділік туралы жұртшылықты, білім алушылардың ата-аналарын және заңды өкілдерін, оның ішінде БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру іс-шаралары көзделгенін ескере отырып, топтық және жеке бару кестелерін бекітіп, мемлекеттік органның ресми сайттарында, әлеуметтік желілерде ресми парақшаларында жариялау қажет.

Осыған орай, аталған бірлескен бұйрықтың тармақтарын орындау мақсатында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша, мемлекеттік органның ресми сайттарында, әлеуметтік желілерде ресми парақшаларында жарияланған ақпараттардың сілтемелерін **ағымдағы жылғы 1 қарашаға дейін** жолдауды сұрайды.

Қосымша: парақта.

**Вице-министр** **Ш. Каринова**

*А. Аблаев*
*74-19-32*

21.10.2019-ғы № 01-15-5-12/3871-И
шығыс хаты
21.10.2019-ғы № Д-8289/01-15-5-12/3871-И кіріс хаты

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы __ қазандағы
№___ бірлескен бұйрығына
қосымша

**Балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерін пайдалану мәселелеріндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тәртібі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерін пайдалану мәселелеріндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының, «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Қазақстан Республикасы Заңының 7, 8-баптарының, «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының негізінде әзірленген.

2. Ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, мәдениет және спорт министрліктері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім, мәдениет, спорт басқармалары, аудандар мен қалалардың білім, мәдениет және спорт бөлімдері (бұдан әрі – Ұйымдастырушылар) болып табылады.

3. Мақсаты: балалар мен жастардың жасына, денсаулығына және қажеттіліктеріне сәйкес бос уақыты мен демалуға құқықтарын іске асыру үшін білім беру, мәдениет және спорт объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

4. Міндеттері:

1) Тәртіпті іске асыру кезінде өзара іс-қимылы тәртібінің ерекшеліктерін айқындау;

2) Тәртіптің негізгі іс-шараларын анықтау.

## 2. Өзара іс-қимыл ерекшеліктері

5. Ұйымдастырушылар төмендегідей шараларды қабылдайды:

1) балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерінің тізбесін айқындайды;

2) балалар мен жастарға арналған спорттық және демалыс іс-шараларына, секцияларға, үйірмелерге топтық және жеке бару кестесін бекітеді;

3) балалар мен жастарға арналған білім беру, мәдениет және спорт объектілеріндегі спорт және акт залдарына қолжетімділік туралы жұртшылықты, білім алушылардың ата-аналарын және заңды өкілдерін, оның ішінде БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырады;

4) білім беру, мәдениет және спорт объектілеріндегі спорттық және демалыс іс-шараларына, секцияларға, үйірмелерге бару кезінде білім алушылардың санитарлық нормалары мен қауіпсіздік қағидаларды сақтауын қамтамасыз етеді.

## 3. Іс-шаралар

6. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының, аудандар мен қалалардың білім бөлімдерінің, білім беру объектілерінің басшылары:

1) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін білім беру объектілерінің тізбесін айқындайды;

2) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін білім беру объектілеріндегі спорттық және демалыс іс-шараларына балалар мен жастардың топтық және жеке бару кестесін бекітеді;

3) балалар мен жастар үшін білім беру, мәдениет және спорт объектілерінің қолжетімділігі туралы білім алушылардың ата-аналарын және заңды өкілдерін ақпараттандырады (келісім бойынша);

4) білім беру объектілеріндегі спорттық және бос уақыт іс-шараларын өткізуге қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

7. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының мәдениет және спорт басқармаларының, аудандар мен қалалардың мәдениет және спорт бөлімдерінің, мәдениет және спорт объектілерінің басшылары:

1) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін балалар мен жастарға арналған спорттық және бос уақыт іс-шараларын, секцияларды, үйірмелерді өткізу үшін мәдениет және спорт объектілерінің тізбесін айқындайды;

2) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін мәдениет және спорт объектілеріндегі спорттық және бос уақыт іс-шараларына балалар мен жастардың топтық және жеке бару кестесін бекітеді;

3) мәдениет және спорт объектілеріндегі балалар мен жастарға арналған спорттық және бос уақыт іс-шараларын өткізуге қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

8. Балалар мен жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім, мәдениет, спорт басқармаларының, аудандар мен қалалардың білім, мәдениет және спорт бөлімдерінің, мәдениет және спорт объектілерінің басшылары:

- білім беру, мәдениет және спорт объектілеріне бару кезінде балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыруға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауаптыларды айқындайды;

- білім беру, мәдениет және спорт объектілерінің санитарлық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

21.10.2019-ғы № 01-15-5-12/3871-И шығыс хаты
21.10.2019-ғы № Д-8289/01-15-5-12/3871-И кіріс хаты

Приложение
к совместному приказу Министров
образования и науки,
культуры и спорта
Республики Казахстан
от __ октября 2019 года № ____

**Порядок взаимодействия**
**Министерств образования и науки, культуры и спорта Республики Казахстан и местных исполнительных органов в вопросах использования спортивных и актовых залов в организациях среднего (начального, основного среднего, общего среднего), технического и профессионального, дополнительного образования, объектов культуры и спорта для организации досуга детей и молодежи**

## 1. Общие положения

1. Настоящий Порядок взаимодействия Министерств образования и науки, культуры и спорта Республики Казахстан и местных исполнительных органов в вопросах использования спортивных и актовых залов в организациях среднего (начального, основного среднего, общего среднего), технического и профессионального, дополнительного образования, объектов культуры и спорта для организации досуга детей и молодежи (далее - Порядок) разработан на основании статьи 6 Закона Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» от 29 апреля 2010 года № 271-IV, статьи 6 Закона Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III., статей 7, 8 Закона Республики Казахстан «О культуре» от 15 декабря 2006 года № 207, статьи 8 Закона Республики Казахстан «О физической культуре и спорте» от 3 июля 2014года №228-V ЗРК.

2. Организаторами являются Министерства образования и науки, культуры и спорта Республики Казахстан, управления образования, культуры и спорта областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент, отделы образования, культуры и спорта районов и городов (далее – Организаторы).

3. Цель: обеспечение доступности объектов сферы образования, культуры и спорта для реализации прав детей и молодежи на досуг и отдых, соответствующий их возрасту, здоровью и потребностям.

4. Задачи:

1) определение особенностей взаимодействия при реализации Порядка;

2) определение основных мероприятий Порядка

## 2. Особенности взаимодействия

5. Организаторы принимают следующие меры:

1) определяют перечень спортивных и актовых залов в организациях среднего (начального, основного среднего, общего среднего), технического и профессионального, дополнительного образования, объектов культуры и спорта (далее – объекты образования, культуры и спорта) для организации досуга детей и молодежи;

2) утверждают графики группового и индивидуального посещения спортивных и досуговых мероприятий, секций, кружков для детей и молодежи;

3) информируют общественность, родителей и законных представителей обучающихся о доступности спортивных и актовых залов в объектах образования, культуры и спорта для досуга детей и молодежи, в том числе через СМИ и социальные сети.

4) обеспечивают соблюдение санитарных норм и правил безопасности обучающихся во время посещения спортивных и досуговых мероприятий, секций, кружков в объектах образования, культуры и спорта;

## 3. Мероприятия

6. Руководители управлений образования областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент, отделов образования районов и городов, объектов образования:

1) ежегодно, до 1 сентября определяют перечень объектов образования для организации досуга детей и молодежи;

2) ежегодно, до 1 сентября утверждают графики группового и индивидуального посещения детьми и молодежью спортивных и досуговых мероприятий в объектах образования;

3) обеспечивают информирование родителей и законных представителей обучающихся о доступности для детей и молодежи объектов образования, а также объектов культуры и спорта (по согласованию);

4) обеспечивают необходимые условия для проведения спортивных и досуговых мероприятий в объектах образования.

7. Руководители управлений культуры и спорта областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент, отделов культуры и спорта районов и городов, объектов культуры и спорта:

1) ежегодно, до 1 сентября, определяют перечень объектов культуры и спорта для проведения спортивных и досуговых мероприятий, секций, кружков для детей и молодежи;

2) ежегодно, до 1 сентября утверждают графики группового и индивидуального посещения спортивных и досуговых мероприятий детьми и молодежью объектов культуры и спорта;

3) обеспечивают необходимые условия проведения спортивных и досуговых мероприятий для детей и молодежи в объектах культуры и спорта.

8. Руководители управлений образования, культуры и спорта областей, городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент, отделов образования, районов и городов, объектов образования, культуры и спорта, для обеспечения безопасности детей и молодежи:

- определяют ответственных за организацию досуга и обеспечение безопасности детей и молодежи во время посещения объектов образования, культуры и спорта;

- обеспечивают соответствие требованиям санитарной и противопожарной безопасности объектов образования, культуры и спорта.